

«С.Нұрмағанбетов атындағы бастауыш мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыстарының ЕСЕБІ

2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілді. Мектептің әлеуметтік паспорты бекітілді. 2023-2024 оқу жылындағы «Мектепке жол» акциясында 4 оқушы 150 000тг көлемінде көмек алды (мектеп формасы, сумка, мектеп құралдары). Мемлекеттен бір реттік жәрдемақы 40 567 (жырық мың бес жүз алпыс жеті)тенге көлемінде қаржылай 46(қырық алты) білім алушылар көмек берілді. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жиналды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтылды.

Мектептің әлеуметтік паспорты құрылып, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, үйде оқытылатын және мүгедек оқушылар, сәтсіз отбасындағы оқушылар, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының, толық емес отбасындағы оқушылар, өгей әке мен өгей ана мен тұратын оқушылар тізімдері жасақталып бекітіледі.

Ел Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың 2029жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы аясында 1-4 сынып оқушыларын 100 пайыз мектеп тамағымен қамту мақсатында «С.Нұрмағанбетов атындағы бастауыш мектеп» КММ-де қыркүйек айында 1-4 сыныптарда 205 білім алушыларға бір мезгіл ыстық тамақ берілді. Қазан айында 1-4 сыныптарда 203 білім алушыларға бір мезгіл ыстық тамақ берілді.

Қараша айында 1-4 сыныптарда 2026 білім алушыларға бір мезгіл ыстық тамақ берілді.

Желтоқсан айында 1-4 сыныптарда 210 білім алушыларға, аз қамтылған отбасына келетін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектептегі уақыты жас ерекшелігі ескеріліп, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақпен қамтылды.

«Балаларға арналған жаңа жылдық шырша»

Арыс қаласында орналасқан №4 Бастауыш мектебінде қала әкімінің жаңа жылдық шыршасы өтті. Жаңа жылдық шараға 100 ден астам бала қатысты.

«С.Нұрмағанбетов атындағы сбастауыш мектеп» 1-4 сынып арасында аз қамтылған, көпбалалы отбасыдан шыққан 3 оқушы: Оралбай Сүндет, Ғазизұлы Нұрислам, Серікбай Нұртас әкім шыршасына қатысты. Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылығын арттыру, көңіл күйлерін көтеру, шырша әсемдігін, қыс келбетін сезіні, жақсылыққа, достыққа, бір-біріне бауырмалдық көрсете білуге тәрбиелеу. Көңілді мерекені құттықтау сөзбен ашқан қала әкімі

Гүлжан Құрманбекова бүлдіршіндерді келе жатқан жаңа жылмен құттықтап, балаларға мерекелік сыйлықтар үлестіріп, шырша жанында естелік суретке түсті. Кеш соңы оқушылардың ән мен биіне ұласып, мерекелік шара жоғары дәрежеде өтті.



Әлеуметтік-педагог: *Сәл* М.Саулдашева